

"Сарытас" акционерлік қоғамының объектілерін консервациялау жөніндегі кезек күттірмейтін шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 3 наурыздағы N 291а

"Сарытас" акционерлік қоғамындағы бірегей қазіргі заманғы жабдықтарды рентабельді өнімдер шығаруға арнап сақтау мен қайта бейіндеу мақсатында және "Жамбыл облысының фосфор саласы ішіндегі кәсіпорындарды дағдарыстан шығару жөніндегі шаралар" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 13 ақпандағы N 195 қаулысымен құрылған Үкімет комиссиясының 1996 жылғы 18 қарашадағы "Сарытас" акционерлік қоғамының объектілерін уақытша консервациялау туралы хаттамалық шешіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Өнеркәсіп және сауда министрлігімен және Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкімен бірлесіп консервацияланған жабдықты сату құқығын Қазақстан Республикасының мемлекеттік Медетші банкіне бере отырып, күйдіру машиналарындағы оттықтарды және ауыстыруды қажет ететін басқа да жабдықтарды қоспағанда "Сарытас" акционерлік қоғамының объектілерін кейін қайта бейімдейтін консервациялауды қамтамасыз ететін шараларды қолдансын. <*>

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРҰ-нің 1997.12.30. N 1865 қаулысымен P971865_ .

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Медетші банкі: консервациялау жоспары бекітілген соң, "Сарытас" акционерлік қоғамының объектілерін консервациялау жөніндегі жұмысты орындау үшін кәсіпорындарды сауықтыруға арналған қаражаттан қайтарымды негізде несие ресурсын бөлсін;

Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігімен бірлесіп "Сарытас" акционерлік қоғамына консервациялау жоспарына сәйкес берілген несие ресурсын, оның қайтару сызбасын әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі,

мемлекеттік Медетші банкі мүдделі министрліктермен бірлесіп консервациялау кезінде қолда бар өндірістік қуаттардың базасында рентабельді өнім түрлерін шығару үшін "Сарытас" акционерлік қоғамын қайта бейіндеу процесін жеделдетсін.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрі Х.А.Оспановқа жүктелсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК